

**Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының
"Облыстық балалар ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (бұдан әрі - Кәсіпорын)
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын
түсіндіру бойынша жиналысының
ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

10.03.2026ж.

Төрағасы: Досанова Алтын Мейрамбаевна – Басшы

**Хатшылықта: Аманов Айтжан Салкенович – Кадр бөлімінің
инспекторы**

**Баяндаушы: Қарабатыров Шыңғыс Мәлікұлы – Заңгер, Комплаенс
қызметі**

Қатысқандар: Кәсіпорны бөлімдер мен бөлімшелердің жетекшілері

Күн тәртібінде:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңы *(2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ)*;
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі *(Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ)*;
3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР-ның Кодексі *(2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ)*;

Төрағалық етуші А.М. Досанова жиналысты ашық деп жариялап, Кәсіпорнында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың бірі – түсіндірме жұмыстары табылатының ескеріп, баяндаушыға сөз берді.

Қарабатыров Ш.М. Кәсіпорнының заңгері әрі Комплаенс офицері Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» Заңының ережелерін оқып, түсіндіріп, әр-бір Кәсіпорнының қызметкері сыбайлас жемқорлықпен күресуге және оған жол бермеуге шақырды.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодекстермен қарастырылған сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті атап өтіп, сыбайлас жемқорлықпен күресу ғана емес, оның алғы шарттардың жою Кәсіпорнының әр-бір қызметкердің міндеті екенін айтты.

Сонымен қатар, Кәсіпорнының қызметкерлеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлықтың көрінісі немесе деректері туралы Кәсіпорнының басшылығымен Комплаенс қызметіне тез-арада хабарласу керектігін айтты. Әрі-қарай өз баяндамасында сыбайлас жемқорлықпен мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің барлық салаларда болдырмауға тырысуды және осы әлеуметтік зұлымдыққа төзімсіз көзқарасын қалыптастыруды кәжет екенін туралы толыққанды мәлімет берді.

Жиналыс соңында сыбайлас жемқорлыққа қатысты барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, Кәсіпорнының қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы А.М. Досанова жиналысты қорытындылады.

Жиналыс төрағасы



А.М. Досанова

Хатшы

А.С. Аманов